

# Соғыс бауырларынан айырған



Нағашым Томан Шунгулов 1915 жылы Жосалы ауылында туып, соғысқа 1941 жылы аттанған. 1943 жылы Сталинград шайқасында қаза тапқаны туралы «қара қағаз» үш рет келген екен. Өкініштісі, әзірге біз оның қай жерде қаза тауып, қайда жерленгенін білмейміз. Ал інілері Қалибек, Бәзілбай, Сламбек аштық жылдары балалар үйіне тапсырылып кетіпті. Олардың өздері немесе ұрпақтары туралы да осы күнге дейін бір хабар жоқ. Өткен күндерден сыр шертетін анамыз Шәрбанның (Томанның қарындасы) үнінен әрдайым бауырларына деген өшпес сағыныш сеземіз. Ол нағашымыз Томанның соғыстан

бұрын түскен мына бір суретін көзінің қарашығындай сақтап келеді.

Анам Шәрбан Шунгулова 1926 жылы туған. Аман Тілеубаевпен отасып, 2 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірген күміс алқа иегері.

Анам 14-15 жасынан Баянауыл ауданының Жаяу Мұса ауылында сауыншы болып еңбек етті. Соғыс жылдары Баянауыл ұлттық паркінде ағаш кесіп, «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен көппен бірге тер төкті. Бұл күнде абзал әже атанып, Екібастұз қаласында ұлы Ерсінің қолында немерелерін қызықтап, елінің тыныштығын тілеумен отыр.

**Марал Егінбайқызы**